

2018 жылға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 386 қаулысы

"Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "НУ-Беркли: заттың критикалық күйін, перспективалық материалдарды және энергия көздерін зерттеудің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламасы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру 2018 жылға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев